«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52
телефон: 8 (7242) 23-74-35

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ АГЕНТСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, проспект Абая, 52
телефон: 8 (7242) 23-74-35

_____№_____

Қызылорда облысының ветеринария басқармасының басшысы Ш. Қойшыбаевқа

2024 жылғы 18 қарашадағы №03-6/996 өтінішхатқа

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабы 3-тармағының 27-тармақшасына сәйкес Департаменттің ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын жолдайды.

Қосымша 2 парақта.

Департамент басшысы **Д. Токжанов**

Сұлтан Ә.
8 (7242) 23-53-72

Қызылорда облысы ветеринария басқармасының Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру өтінішхаты бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ

Қызылорда қаласы **2024 жылдың 3 желтоқсаны**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434)* 39-бабы 3-тармағының 27) тармақшасына сәйкес мемлекеттік органның өзі басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы Бәскелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне *(бұдан әрі - Департамент)* Қызылорда облысы Ветеринария басқармасының *(бұдан әрі – Ветеринария басқармасы)* монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру туралы 2024 жылғы 18 қарашадағы №03-6/996 өтінішхаты келіп түсті.

Аталған өтінішхатқа сәйкес, Мемлекеттік орган келесі қызмет түрлерін көрсету бойынша шарт жасасу жоспарланған:

- «ауыл шаруашылығы жануарларының аса қауіпті ауруларының алдын алу және диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар»;
- «ауыл шаруашылығы жануарларының энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар»;
- «ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша ветеринариялық іс-шаралар»;
- «ауыл шаруашылығы жануарларын санитарлық союды, тасымалдауды ұйымдастыру».

Осылайша, Ветеринария басқармасы өзі басқаруды жүзеге асыратын қалалық және аудандық ветеринариялық станциялары шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардан аталған қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізуді жоспарлап отыр.

Өтінішхатты қарау нәтижесінде төмендегі анықталды:

«Қызылорда облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады.

Ветеринария басқарманың мақсаты ветеринариялық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру болып табылады.

Ветеринария басқарманың тиісті қызметтерін жүзеге асыру тауар нарығының географиялық шекарасы – Қызылорда облысы (Арал, Қазалы, Қармақшы,Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары және Қызылорда қаласы).

Өз кезегінде, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңының 11-бабының 4-тармағына сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мынадай функцияларды:

- жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді;
- ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді;
- ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуді;
- жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды тасымалдау (жеткізу), сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) бойынша қызметтер көрсетуді;
- құрылысын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын) күтіп-ұстауды;
- жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды;
- ветеринариялық анықтама беруді;
- ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді және одан үзінді көшірме беруді;
- биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізуді;
- ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша **қызмет көрсетуді жүзеге асыру мақсатында** Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен **мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрады.**

Облыстардың жергілікті атқарушы органдары құратын мемлекеттік **ветеринариялық ұйымдар аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда ветеринариялық пункттерімен құрылады.**

Демек, Ветеринария басқармасының қарамағындағы қалалық және аудандық ветеринариялық станциялар түрінде **мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрылып,** жоғарыда көрсетілген **қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін** аталған ұйымдарға «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген **айрықша құқық** берілген.

Өз кезегінде, жоғарыда аталған нақты қызмет түрлерімен жеке және заңды тұлғалардың айналысу мүмкіндігі заңнамада қаралмағаны ескеріледі.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде және нарықты зерделеу нәтижесінде Ветеринария басқармасының 2024 жылғы 18 қарашадағы №03-6/996 өтінішхатында көрсетілген қызмет түрлеріне ұқсас қызметтерді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілері анықталмағанын хабарлаймыз.

Департамент басшысы **Д. Токжанов**

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ
КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО
ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ
КАЗНАЧЕЙСТВА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: +7 (7172) 71-77-06
e-mail: kk_mfrk@minfin.gov.kz

010000, город Астана, проспект Жеңіс, 11
тел.: +7 (7172) 71-77-06
e-mail: kk_mfrk@minfin.gov.kz

_____ № _____

**Қызылорда облысының
Ветеринария басқармасы**

Кіріс № 10785 2023ж.03.10.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, қосымшаға сай сіздің 2023 жылғы 10 наурыздағы №01-2/236 хатыңызды қарап шығып, жауапты қосымшаға сәйкес жолдайды.

Қосымша 3 парақта.

Төрағаның орынбасары **М. Жексембин**

Бекболқызы Г.тел.71-77-05
g.bekbolkyzy@minfin.gov.kz

№ ДЗГЗ-01-0/8442-вн от 24.04.2023

ҚК

2023 ж. 13.03. №10785 кіріс хатына

Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу заңнамасы департаменті «Қызылорда облысының Ветеринария басқармасы» КММ-ның 2023 жылғы 10 наурыздағы №01-2/236 хатын қарастырып, қосымшаға сәйкес ақпаратты жолдайды.

Қосымша __ парақта.

М. Әділханов

А.Ермеккалиева
74-93-65

Приложение

Пункт 3 статьи 39 Закона «О государственных закупках» (далее – Закон) предусматривает исчерпывающий перечень оснований осуществления государственных закупок способом из одного источника путем прямого заключения договора о государственных закупках.

В соответствии с пунктом 474 Правил осуществления государственных закупок, утвержденных приказом Министра финансов от 11 декабря 2015 года №648 (далее – Правила), государственные закупки способом из одного источника путем прямого заключения договора по основаниям, предусмотренным **подпунктами** 1), 6), 7), 16), **27)**, 29), 30), 33), 36), 38), 40), 41), 51) и 56) **пункта 3 статьи 39 Закона** осуществляются с учетом **форматно-логического контроля**, установленного на веб-портале государственных закупок.

Список поставщиков, с которыми заказчики вправе заключать договор из одного источника по вышеуказанным основаниям размещен на главной странице веб-портала.

Вместе с тем, в соответствии с подпунктом 27) пункта 3 статьи 39 Закона, государственные закупки способом из одного источника путем прямого заключения договора о государственных закупках осуществляются в случае приобретения государственным органом товаров, работ, услуг **при наличии заключения антимонопольного органа** об отсутствии субъектов частного предпринимательства, осуществляющих производство аналогичных товаров, работ, услуг **у акционерных обществ, товариществ с ограниченной ответственностью**, сто процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат государству, и **государственных предприятий**, в отношении которых он осуществляет управление в соответствии с законодательством Республики Казахстан о государственном имуществе, **соответствующие полномочия которых**, в том числе государственного органа, **установлены законами Республики Казахстан, указами Президента Республики Казахстан**.

Требование по наличию заключения антимонопольного органа об отсутствии субъектов частного предпринимательства, осуществляющих производство аналогичных товаров, работ, услуг, не распространяется на приобретение товаров, работ, услуг у организаций, обеспечивающих деятельность органов национальной безопасности, избирательных комиссий.

Таким образом, приобретение товаров, работ, услуг у вышеуказанных организаций способом из одного источника в рамках данной нормы допускается, в случае если соответствующие их полномочия установлены законами Республики Казахстан, указами Президента Республики Казахстан и имеется заключение антимонопольного органа об отсутствии субъектов частного предпринимательства, осуществляющих производство аналогичных товаров, работ, услуг.

В свою очередь, сообщаем, что в настоящее время для КГП на ПХВ «Аральская районная ветеринарная станция» управления ветеринарии Кызылординской области (БИН 120140013396), КГП на ПХВ «Казалинская

районная ветеринарная станция» управления ветеринарии Кызылординской области (БИН 100440010428), КГП на ПХВ «Кармакшинская районная ветеринарная станция» управления ветеринарии Кызылординской области, (БИН 120340003198), КГП на ПХВ «Жалагашская районная ветеринарная станция» управления ветеринарии Кызылординской (БИН 120340002477), КГП на ПХВ «Сырдарьинская районная ветеринарная станция» управления ветеринарии Кызылординской (БИН 120240024543), КГП на ПХВ«Шиелийская районная ветеринарная станция» управления ветеринарии Кызылординской области (БИН 10340019486), КГП на ПХВ «Жанакорганская районная ветеринарная станция» управления ветеринарии Кызылординской области (БИН 031040004654), КГП на ПХВ «Кызылординская городская ветеринарная станция» управления ветеринарии Кызылординской области (БИН 990740004696) предоставлен доступ для заключения договоров о государственных закупках способом из одного источника путем прямого заключения в рамках подпункта 27) пункта 3 статьи 39 Закона по следующим услугам:

- Услуги по проведению диагностики заболеваний животных (код ЕНС ТРУ 750019.000.000025);
- Услуги по взятию и доставке проб крови животных (код ЕНС ТРУ 750019.000.000026);
- Услуги по проведению ветеринарных мероприятий по эпизотическим болезням животных (код ЕНС ТРУ 750019.000.000028);
- Услуги по проведению ветеринарных мероприятий по энзотическим болезням животных (код ЕНС ТРУ 750019.000.000029);
- Услуги по проведению мероприятий по идентификации сельскохозяйственных животных (код ЕНС ТРУ 750019.000.000031);
- Услуги по отлову собак (код ЕНС ТРУ 812913.000.000003);
- Услуги автомобильного транспорта по перевозкам животных живых (код ЕНС ТРУ 494116.000.000000).

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
2022 ж. «27» мамыр
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУДЕН ӨТКІЗІЛДІ
БИН № 150240010340
Куәлік
Алғашқы тіркелген күні 2015 ж. «10» 01

Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы «20» мамырдағы № 543 қаулысына
2-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы «4» шілдедегі № 520 қаулысымен
бекітілген

«Қызылорда облысының ветеринария басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының ветеринария басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Қызылорда облысының ветеринария басқармасы) ветеринария саласында функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қызылорда облысының ветеринария басқармасының ведомстволары жоқ.

3. Ветеринария басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қызылорда облысының ветеринария басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Қызылорда облысының ветеринария басқармасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Қызылорда облысының ветеринария басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қызылорда облысының ветеринария басқармасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қызылорда облысының ветеринария басқармасы басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қызылорда облысының ветеринария басқармасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1.

10. Осы Ереже Қызылорда облысының ветеринария басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қызылорда облысының басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қызылорда облысының ветеринария басқармасына кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Қызылорда облысының ветеринария басқармасына заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Қызылорда облысының ветеринария басқармасының мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Қызылорда облысының ветеринария басқармасына өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;

2) міндеттері:

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

жеке және заңды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

15. Функциялары:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесе отырып, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

2) ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) облыстың аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау;

4) осы облыстың аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда пайда болған жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөнінде ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

5) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптаманы лицензиялау;

6) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдау, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

7) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;

8) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын, жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

9) мүдделі тұлғаларға жүргізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

10) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөпті және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру;

11) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу;

12) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;

13) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;

14) жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды ұйымдастыру;

15) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аумақты аймақтарға бөлу туралы шешім шығару;

16) уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын бекіту;

17) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар ұйымдастыруды және жүргізуді үйлестіру;

18) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына арналған ветеринариялық препараттарды сақтауды, оларды аудандардың жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру;

19) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) жөнінде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

20) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және процессингтік орталыққа ақпарат беру;

21) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін ұйымдастыру;

22) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу;

23) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

24) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды уәкілетті органға ұсыну;

25) жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, ветеринариялық препараттарды сақтауды және тасымалдауды (жеткізуді), жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

26) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық және басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

27) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

28) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

29) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларға қатысу;

30) профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекіту;

31) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізіліміне енгізу үшін мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) жинауды ұйымдастыру және жинақтау;

32) мемлекеттік орган болып табылмайтын ведомстволық бағынысты облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғыларында (ережелерінде) Қызылорда облысы әкімдігі атынан құрылтайшы ретінде әрекет етеді;

33) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. Қызылорда облысының ветеринария басқармасының бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Қызылорда облысының ветеринария басқармасын басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қызылорда облысының ветеринария басқармасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Қызылорда облысының ветеринария басқармасының бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Қызылорда облысының ветеринария басқармасының бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Қызылорда облысының ветеринария басқармасының бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Қызылорда облысының ветеринария басқармасын білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Қызылорда облысының ветеринария басқармасының қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Қызылорда облысының ветеринария басқармасының қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Қызылорда облысының ветеринария басқармасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасады;

9) сенімхаттар береді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

11) Қызылорда облысының ветеринария басқармасының жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

12) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

13) Қызылорда облысының ветеринария басқармасының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

14) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

15) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

16) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

17) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

18) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қызылорда облысының ветеринария басқармасының бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Қызылорда облысының ветеринария басқармасының бірінші басшысы өз орынбасарының өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Қызылорда облысының ветеринария басқармасының мүлкі

21. Қызылорда облысының ветеринария басқармасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қызылорда облысының ветеринария басқармасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қызылорда облысының ветеринария басқармасына бекітілген мүлік облыстық коммуналдық мүлікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қызылорда облысының ветеринария басқармасы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген

қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Қызылорда облысының ветеринария басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қызылорда облысының ветеринария басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызылорда облысының ветеринария басқармасының қарамағындағы ұйымдарының тізбесі:

1) «Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Арал аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

2) «Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Қазалы аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

3) «Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Қармақшы аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

4) «Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Жалағаш аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

5) «Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Сырдария аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

6) «Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Шиелі аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

7) «Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Жаңақорған аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

8) «Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Қызылорда қалалық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.